

## В НОМЕРЕ:

5

Менің анам –  
менің батырым

9

Ана махаббаты-шексіз

15

С праздником  
8 МАРТА!

ГАЗЕТА  
ПАВЛОДАРСКОЙ  
ОБЛАСТНОЙ  
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ  
ОРГАНИЗАЦИИ

№№3-4  
(432-433)  
от 28 февраля  
2025 года

ТВОЙ  
МИР  
сенің әлемін

# 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## Ана – мәңгілік шамшырақ

*Ана, сенсің бақытымның бұлағы,  
Жүрегімнің ең бір асыл шуағы.  
Көктем келіп, гүлге толды даламыз,  
Саған арнап өн мен жырды жазамыз.*

*Сенің нұрлы мейірімді жүзіңнен,  
Таптым әркез жылулықты, сезім мен.  
Қиын сәтте демеу болып әрдайым,  
Қанат бердің армандарға төзіммен.*

*Құрметтейік, аялайық ананы,  
Жүрегіне қонсын шаттық самалы.  
8 наурыз – мейрамыңмен, жан ана,  
Тіледім саған қуаныш пен бақытты.*

Қайрулла Махаббат  
Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінің  
8-сынып оқушысы





## Зимние забавы

Зима. Это удивительное время года. Мое любимое время года. Мы любим зиму не только за морозы и онлайн - режим работы.

Мы любим зиму за зимние игры и забавы. Зимние забавы - это добрая традиция в нашей

физкультуры и инструкторы по спорту Удербаета Даметкен Бегалиевна и Молдабаева Елмира Истаевна.

Спасибо взрослым за зимние игры и забавы. Это так здорово - на улице играть, на свежем воздухе, в снегу валяться. Для наших



школе. Сразу же дома найдутся лыжи и коньки, плюшки и доски, чтобы весело провести время. Посмотрите на детей! Они спешат на горку, чтобы с ветерком скатиться. А можно и просто на санках скатиться с горки.

С нами весело проводят зимние забавы наши учителя

родителей - это тоже радость. «Заняты хорошим, добрым делом, здоровью польза!»

Спасибо зиме за волшебные часы радости.

**Амира Орынбаева, 5 класс  
Павловская СОШ  
Успенский район**

## Кубик Рубика

Чтобы развиваться и оставаться в тонусе мозга, как и телу нужны тренировки. Кубик Рубика - это компактный и эффективный тренажер. Я начал им увлекаться 2 месяца назад, когда увидел, как мой старший брат собирает его без подсказки. Задача игрока - упорядочить цветные квадраты так, чтобы каждая грань кубика состояла только из одного цвета, вернув кубик к его первоначальному виду. Для этого необходимо поворачивать грани кубика, сопоставляя квадраты одного цвета. Как же приятно осознавать, что я научился чему-то новому, полезному и интересному.

Если тренироваться регулярно и не запускать процесс, со временем улучшится память, повысится концентрация внимания. Процесс решения кубика Рубика включает в себя развитие логического мышления, пространственного воображения и умения планировать свои действия на несколько шагов вперед. Благодаря этим качествам кубик Рубика является не только увлекательной игрушкой, но и мощным инструментом



для интеллектуального развития. А эти навыки пригодятся в школе!

**Туллубаев Адиль, 2 «Д» класс  
СОШ №39  
Учитель: Трушакова Е.В.**

## Прощание с букварём: первая ступенька в мир знаний

Время неумолимо летит, и вот наступил тот долгожданный момент - прощание с букварём. Для каждого ученика начальной школы этот момент особенный, ведь именно букварь стал первым наставником в мире букв и слов. Он не просто учебник - это целый мир, который помогает открыть двери в бескрайнее царство знаний.

Прощание с букварём - это не конец, а начало нового этапа. За ним последует ещё много книг, изучение новых предметов и открытие неизведанных горизонтов. Однако именно с букварём у детей происходит первое знакомство с миром письменности и грамоты, которые будут сопровождать их всю жизнь.

Для родителей и учителей это также момент гордости. В их глазах дети становятся более уверенными, готовы к освоению новых знаний и навыков. Важно помнить, что букварь не просто книга, а символ важнейшего этапа в становлении маленького человека как ученика.

Прощаясь с букварём, дети прощаются с детством и делают шаг в мир более сложных и глубоких знаний. Пусть этот переход будет лёгким и вдохновляющим, а любовь к учёбе останется с ними на всю жизнь.

**Пастухова Анжелика  
Викторовна**



## Шикарный выходной в Павлодаре

Я с нетерпением ждала субботу 1 февраля. Потому что мама подруга Муқанова Айжан Абаевна пригласила нас с мамой на праздник в Зелёной роще. Тетя Айжан работает в АО «Казахстанский Электролизный завод». Мы приехали в Павлодар, а оттуда на автобусе поехали в Зелёную рощу. А там прошел День здоровья для работников двух заводов - алюминиевого и электролизного. (тетя Айжан была с сыном Асанали, учеником 3 класса 29 школы города Павлодар)

Что мы делали? Участвовали в конкурсах, катались на плюшках, коньках и лыжах. За победу и призовые места нам, детям, подарили шоколадки. Нас всех-всех бесплатно покормили. Вкусный плов, горячий чай, кофе. К чаю блины, самсушки, конфеты.

Нам с мамой очень понравилось отдыхать на свежем воздухе. С мамой встретилась учитель русского языка и литературы Варава Рита Петровна.

Мама рассказала: «Знаете, Рита Петровна, нам с дочерью очень понравилось. Два крупных завода, металлурги, организовали для своих работников и их детей такой шикарный праздник - День здоровья. Эмоции зашкаливают. Спасибо моей подруге Айжан, ее заводу за то, что даже мы, жители села, смогли хорошо провести время. Мы так хорошо отдохнули. Все конкурсы, питание и проезд в Зелёную рощу и обратно был бесплатным. Спасибо заводам за такой праздник для своих работников и их детей. Люди отдыхали с 10 утра и до самого вечера. Вот это праздник. Мы очень рады таким выходным».

Мама (Аусагитова Алмагуль Бакытбековна), спасибо тебе за помощь в написании этой работы. Спасибо взрослым за прекрасный день здоровья.


P.S.

Идейный вдохновитель рассказа - Варава Рита Петровна.

**Дарига Аусагитова, 16 класс  
Павловская СОШ  
Успенский район**







## Афганистан - живая память

12 февраля в Михайловской СОШ Железинского района состоялась традиционная встреча с ветеранами войны в Афганистане, приуроченная ко Дню вывода советских войск из Афганистана. Этот день напоминает о тяжелых испытаниях, через которые прошли тысячи советских солдат, выполнявших свой долг вдали от родины. В актовом зале собрались ученики 5 - 11 классов, педагоги и, конечно, приглашенные гости — воины-интернационалисты: Сулейменов Сункар Айдарханович, Жаналинов Айнабек Сергеевич, Нурсеитов Талгат Кабдуллинович, прошедшие через горнило афганской войны.

В начале мероприятия военнослужащий ПОГЗ «Турсын» Буланович А.С. выступил с приветственным словом, отметив важность таких встреч для молодежи. «Мы должны помнить о подвиге тех, кто, несмотря на ужасные условия, выполнял свой долг. Сегодняшняя встреча — это дань уважения тем, кто прошел через все тяготы войны и вернул-

ся, чтобы поделиться своими воспоминаниями», — сказал он.

В начале встречи перед гостями выступили учащиеся 3 класса с музыкальными композициями



«Аист на крыше» и «Я внук того солдата», затем задавали вопросы, интересовались не только боевыми действиями, но и жизнью в Афганистане, бытом солдат. Ветераны рассказали о трудно-

стях, с которыми сталкивались, а также о поддержке и дружбе, которая возникала среди товарищей по оружию, они делились своими воспоминаниями о том,

тех, к которым мы привыкли. Афганистан — это не просто война, это урок мужества», — отметили ветераны.

Встречи такого рода крайне важны для подрастающего поколения. Они помогают не только узнать историю, но и почувствовать личную связь с теми событиями, которые навсегда остались в памяти тех, кто пережил афганскую войну. День вывода войск из Афганистана — это день памяти и уважения, который напоминает нам о важности мира и стабильности. Такой день, как 12 февраля, навсегда останется в памяти всех участников мероприятия как день встречи с настоящими героями, которые, несмотря на все сложности, вернулись и живут среди нас, сохраняя в сердцах память о своих братьях по оружию и о войне, которую они не забыли.

**Зайцева О. В.,**  
заместитель руководителя  
по воспитательной работе  
Михайловской СОШ  
Железинского района

## Афганская война

Прошло уже много лет со времен той страшной войны в Афганистане. До сих пор нет единой точки зрения политиков и историков о значимости той войны, о роли воинов — интернационалистов. Тем не менее, не зависимо от разных взглядов и споров, погибли люди. Много людей.

К достойной встрече 36 - летия вывода войск из Афганистана в Мичуринской школе был проведен урок мужества для учащихся 6 классов, где учитель НВПТ Айсак Галы Бариевич и классные руководители ознакомили детей с событиями Афганской войны.

Айсак Галы Бариевич выделит отвагу воина Қарамайора. «Қара майор» (Черный майор) — это прозвище, которое получил майор Ахмед Шах Масуд, один из известных лидеров афганского

сопротивления (моджахедов) во время Афганской войны (1979–1989). Однако в советской и постсоветской литературе этим прозвищем также иногда называли советских офицеров или командиров, которые проявили умение вести боевые действия в горах Афганистана.

Афганская война стала уже историей. И тем не менее, в этот день мы склоняем головы перед памятью павших соотечественников и, вспоминая события тех лет. Эти воспоминания прошлого заставляют увидеть предостережение для настоящего, заставляют думать о будущем. О том будущем, которое для человечества должно быть избавлено от призрака смертельной военной угрозы.

Встреча учащихся 6 классов



была познавательна и дети с интересом ознакомились с хронологией тех событий Афганской войны.

**Абушахим Аида Болатовна и**  
**Кусаинов Еркем Кенжеканович,**  
классные руководители

## Уходили парни из Афгана

15 февраля 2025 года исполнилось 36 лет с того дня, когда последний советский воин покинул территорию Демократической Республики Афганистан.

Яркое объявление приглашало жителей села на литературно-поэтический вечер под названием «Уходили парни из Афгана». Пришли жители села, гости, школьники.

Из нашего округа, сел Павловка и Дмитриевка служили в ДРА шесть односельчан.

Павловцы: Тарасов Валентин Алексеевич, Бочковский Виктор Викторович, Здор Сергей Владимирович, Рамазанов Кобланды Рымжанович.

Дмитриевцы: Заугаров Олег

Рудольфович, Бакулин Сергей Васильевич.

Воинам-интернационалистам посвящен стенд и книжка-раскладушка. Вечер провели ведущие - сельский библиотекарь Бибисара Тахаудиновна Орумбаева и методист ДК Людмила Викторовна Бакулина. Из выступлений ведущих узнаем сведения о событиях 1979 -1989 годов. Зрители посмотрели видеоролик о земляках-интернационалистах.

Аким округа Руслан Зекерьевич поздравил собравшихся с таким важным событием в жизни страны и подарил подарок воину — афганцу Заугарову Олегу Рудольфовичу.

Со словами пожеланий обра-

тился и сам воин — афганец. Немного словный и скромный, Олег Рудольфович извинился за неумение говорить красиво, пожелал мира и благополучия, чтобы никогда не знали люди страшного слова «война». Слушая воина, мы подумали о том, как многое ему пришлось пережить, пройти испытания, дожить до наших дней. Ведущие нам говорили о потерях в Афганистане в военное время. Некоторые воины ушли из жизни в мирное время.

Во время вечера прозвучали красивые песни в исполнении Виктора Васильевича Бакулина, Людмилы Викторовны Бакулиной, Валерия Владимировича Донца.

Прошло очень эмоциональное мероприятие, которое не оставляет равнодушным ни одного зрителя. Мы словно прочувствовали всю ту боль, страх, не выдержав слез.

В конце вечера мы, зрители, зажгли свечу памяти. Да, нужно помнить о том, какой ценой завоевали мир в ДРА.

Хотим поблагодарить организаторов прекрасного мероприятия — директора и методиста ДК, сельскую библиотеку, самодеятельных артистов. Пусть будет мир во всем мире.

**Ясмин Даутханова, Ксения Уалигазинова, 11 класс**  
Павловская СОШ Успенский район

## «Әлемнің бар жылуы – ананың жүрегінде»

Ана – әрбір адам үшін ең қымбат, ең жақын жан. Ананың жүрегі – шексіз мейірім мен махаббатқа толы. «Әлемнің бар жылуы – ананың жүрегінде» деген сөз де осыдан шыққан.

Ананың жылуы бізді қорғайды, күш береді, жақсылыққа жетелейді. Ананың махаббаты – ешқашан сөнбейтін, мәңгілік жалын. Ананың жүрегі – баласы үшін ерқашан ашық. Ана баласының қайғысы мен қуанышын бірдей бөліседі. Баласының қателіктерін

кешіреді, оған дұрыс жол сілтейді. Ана – баласы үшін ең жақын дос, сырлас, кеңесші.

Ананың жылуы – біздің өміріміздің әрбір сәтінде сезіледі. Ананың күлкісі, жанары, құшағы – біз үшін ең қымбат сыйлық. Ананың мейірімі бізді жұбатады, емдейді, жақсылыққа бағыттайды.

Ана – отбасының берекесі, үйдің жылуы. Ананың қолынан шыққан тағам – ең дәмді, ең пайдалы. Ананың үйі – біз үшін ең қауіпсіз, ең жайлы мекен. Ана – біздің

ұлтымыздың, мәдениетіміздің сақшысы. Ана бізге ана тілімізді, салт-дәстүрімізді үйретеді. Ананың арқасында біз өз тарихымызды, мәдениетімізді мақтан тұтамыз.

Ана – біздің болашағымыздың кепілі. Ананың тәрбиесі бізді білімді, еңбекқор, адал азамат етіп өсіреді. Ананың арқасында біз өз Отанымызға, халқымызға қызмет етеміз.

«Әлемнің бар жылуы – ананың жүрегінде» деген сөз – ананың біз

үшін қаншалықты қымбат екенін, оның махаббатының шексіз екенін көрсетеді. Аналарымызды қадірлейік, оларға мейіріммен қарайық, олардың жылуын сезінейік.

**Баянауыл ауданы, Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебі 8-сынып оқушысы**  
**Ағайықызы Алтыннұр**



## 14 ақпан - дүниежүзілік кітап сыйлау күні

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні. Адамдар бір біріне құрмет пен сыйластықтың белгісі ретінде сыйлыққа кітап ұсынатын күн. Кітап – адамзат қоғамының ұлы жетістігі, ұлы ұстазы. Кітап-сарқылмас рухани қазына дей келе,білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындым. Кітаптың адам өміріндегі маңызы зор. Мен бос уақытымда кітап оқығанды ұнатамын. Кітапты төсекте жатып, ас ішіп отырып оқуға болмайды. Кітап оқуды үлкен ой еңбегімен оқу керек. Кітапты қалай болса, солай ұстамау керек. Кітапты сызуға, жыртуға болмайды.Кітапханада шулауға болмайды, өйткені басқаларға кедергі жасаймыз. Мен оқитын Алакөл жалпы білім беру орта мектебінде кітапхана бар. Кітапханамыз өте үлкен және жарық. Кітапханада көптеген кітаптар бар. Мен, ертегілерді оқығанды ұнатамын. Өте қызығушылықпен оқимын. Кітап – араб сөзі, «жазба, ал түрікше «дәптер» деген мағынаны білдіреді. Кітап-ғылым,ол бүкіл адам баласына ортақ. Кітап-ғылым,білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап-ақылдың кені. Кітап-бар білімнің көзі. Мен кітап көп



оқимын. Сабақтан келгесін, үйде бос уақытымды кітап оқумен өткіземін.

Абай атамыз айтқандай: «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқы көруге.».

Достар! Кітаппен білімімізді шыңдайық.

**4 «а» сынып оқушысы:  
Мадияр Құдірет.  
«Алакөл ЖББОМ» КММ  
Железин ауданы**

## Әлемнің бар жылуы – ананың жүрегінде

Ана жүрегі дегеніміз – әлемдегі ең жылы, ең жұмсақ, ең мейірімді орын. Ана – бұл әлемдегі ең қасиетті тұлға, оның жүрегі әлемнің бар жылуын өзіне жинайтын, шексіз сүйіспеншілікке толы. Ана жүрегі – адамның алғашқы ұстазы, қамқоршысы, махаббат пен мейірімнің ең үлкен көзі.

Әрбір ананың жүрегі дүниедегі ең керемет қуатты сезімдерге толы. Ол баласын жарық дүние есігін ашқалы бері бар махаббатымен, аяулы көңілімен оған өмір сыйлайды. Әрбір ананың жүрегі өзінің баласына деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа толы. Ол ешқашан шаршамайды, ешқашан ұмытпайды. Тіпті, баласының жасы өскен сайын, оның жүрегі толғаныспен, алаңдаушылықпен оның әрбір қадамын қадағалап отырады.

Ана жүрегі – әлемнің барлық жылуын өз бойына сіңіріп, оны

баласына береді. Ол әрбір сәтте, әрбір қиындықта, әрбір қуанышта баласына қолдау көрсетіп, оны әлемнің ең бақытты адамы етуді мақсат етеді. Ана тек баласына өмір сыйлап қана қоймай, оның рухани әлеміне де жылу береді. Ананың жүрегіндегі жылу – бұл баланың жүрегінде мәңгі қалатын ең бағалы әрі ұмытылмас нәрсе.

Әлемде жылу мен мейірімнің ең таза қайнар көзі – ана жүрегінде жатыр. Әрбір ана баласына өзінің жүрегіндегі жылуы, сүйіспеншілігін және мәңгілік қамқорлығын сыйлайды. Ана жүрегінің жылуы арқылы біз әлемдегі барлық қиындықтарды жеңе аламыз, өйткені оның жүрегінде тек мейірім мен махаббат бар.

**Сакен Еркеназ  
Бекмұрат Уахатов атындағы  
орта мектеп  
9-сынып оқушысы**

## Әлемнің бар жылуы – ананың жүрегінде

Әлемнің бар жылуы, жарығы мен жылуы, мейірімі мен үміті бір ғана адамда тоғысқан: ол – ана. Ана жүрегі – ерекше бір қуатты көзі, онда бізді өмірге алып келген, жанымызды түсінетін, өмірімізде ең бірінші жарқыраған шырақ. Адамның жанына тыныштық пен қуаныш сыйлайтын сол жүрек әлемдегі барлық жақсы нәрселердің көзі болып табылады.

Ана жүрегі өмірді шексіз сүйеді. Ол ешқашан ашуланбайды, ешқашан жасымауы тиіс. Ана өзінің барлық қуанышын, бақыты мен өкінішін өз балаларымен бірге өткізеді. Ол бала үшін өмірдің барлық қиындықтарын көтереді, оның тағдыры үшін әрдайым алаңдайды. Ананың жүрегінде әлемнің ең үлкен мейірім мен қамқорлығы сақталады.

Ана бізді өмірге әкеліп, тәрбие береді, бірақ оның махаббаты мен қамқорлығы ешқашан таусылмайды. Әрбір ананың жүрегінде барлық әлемнің жылуы мен сүйіспеншілігі біртұтас болып тұрады. Ол тек туған баласына емес, басқа да адамдарға қамқорлық жасап, қоғамның дамуына зор үлес қосады. Ана әлемді жақсы жаққа өзгерту үшін бүкіл күш-жігерін салады.

Қандай жағдай болмасын, ана өз баласын сүйіп, оны түсініп, оған қолдау көрсетуге дайын тұрады. Осы орайда ананың жүрегі бірталай сындар мен ауыртпалықтарға төтеп береді. Ана ешқашан өз жанын баласының алдында құрбандыққа шалмайды, бірақ оны тәрбие мен біліммен қамтамасыз ету үшін ешқашан аянбайды. Өмірдің көптеген қиындықтары мен

## Ана - мәңгілік көктем

Ана — бұл мәңгілік көктем, оның жүрегінде әрқашан жылылық, мейірім мен сүйіспеншілік бар. Ана өз баласына өмір сыйлап қана қоймай, оны әрқашан қорғайды, қолдайды және дұрыс жолға бағыттайды. Оның махаббаты мен қамқорлығы ешқашан аяқталмайды, өйткені ана үшін бала — бұл мәңгілік құндылық.

Мен үшін ана — ол күннің нұры, әрқашан жанымда болып, мені қиындықтан алып шығатын көмекші. Ол мені әлемнің бар жақсылығына жетелейтін жалғыз адам.Анаға деген сүйіспеншілік тек сөздермен емес,оның қолынан шыққан әр ісімен,жасаған әр құрбандығымен көрінеді.

**Шишхан Нұртілек  
Бекмұрат Уахатов орта  
мектебі  
9-сынып оқушысы**

## Анашым өмірімнің шамшырағы

Ана-әр адамның өміріндегі ең қымбат жан.Ол бізді өмірге әкеліп,аялап,бар мейірімін төгеді.Мен үшін анам-өмірімнің шамшырағы.Оның махаббаты мен қамқорлығы мені үнемі алға жетелейді.

Анам маған өмірдің мағынасын түсінуге көмектеседі.Ол әрқашан қолдау көрсетіп,жақсы мен жаманды ажыратуға үйретеді.Қиналған кезімде анамның жылы сөздері мені жігерлендіріп, өзіме деген сенімділігімді арттырады.Қуанышым мен жетістіктерімнің куәсі болып, мені мақтан тұтады.

Анасыз өмірді елестету мүмкін емес. Оның күлімдеген жүзі, мейірімді дауысы мен үшін ең қымбат байлық. Бірақ,кейде біз ананың қадірін кеш түсінеміз. Алайда оған деген ризашылығымызды білдіру

үшін күн сайын қамқорлық жасап, құрмет көрсетуіміз қажет.

Мен анамды шексіз жақсы көремін. Оның мен үшін жасаған жақсылықтарын ешқашан ұмытпаймын. Анам – менің жүрегімнің жылуы, өмірімнің шамшырағы. Ол әрдайым мені қолдап, жолымды жарық қылып тұратын ең ардақты адам.

"Әлемдегі ең ғажап нәрсе не?" деген сұраққа,ол-анамның күлімсіреген жүзі деп жауап айтар едім.Сондықтан мен анамның күлімдеген,сұлу жүзін көру үшін әрқашан бақытты етуге тырысамын.

**Манап Ақниет  
Бекмұрат Уахатов орта  
мектебі  
9-сынып оқушысы**

## Ана

Сәбиінің тербеп әр күн бесігін  
Тәрбиең ашты дүние жарқын есігін  
Екі дүние байлығы аспас бағасын  
Анашым сенің әрқашан алтын есімің  
Сені ойласам сезімге тасып ішім  
Нәзік жандылардың ең асылысын  
Жайқалады жұмақта гүлзар бақтар  
Сенің әр тал ағарған шашың үшін  
Шабыт берсең қалай қана шалыс басам  
Тілегіңмен жол ашылды табысқа сан  
Мына әлем тым суық екен маған

Құшағыңнан босап бір сәт алыстасам  
Бақытына бөлесек бас тұлғаны  
Өзгелердің түк емес қас қылғаны  
Үмітіңді ақтап бізге бұйырсыншы  
Жұмақ кілті табаныңның астындағы  
Біз қуансақ қуанып күлген адам  
Болсын ұзақ күнің сенің сүрген аман  
Жүз жасаңыз баласы үшін бұл өмірде  
Жалғыз жанын құрбан қылып жүрген адам

**Имантай Аянат  
Ы.Алтынсарин атындағы  
дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты**

отырады. Сіздерге тек жақсылық, бақыт, денсаулық және ұзақ өмір тілейміз. Әрбір күндеріңіз қуаныш пен тыныштыққа толы болсын, ал жүректеріңізде сүйіспеншілік ешқашан таусылмасын.


Сіздердің мейірімдеріңіз әрдайым бізге нұр болып түсіп, әлемді жарқыратып тұрады.

Барлық арман-тілектеріңіз орындалсын, өмірдің әрбір сәті қуанышқа, шаттыққа толы болғай! Сіздер тек ең жақсысы, ең әдемісі ғана лайықсыздар.

Сүйіспеншіліктеріңіз бен қамқорлықтарыңыз үшін алғысым шексіз, аналар!

**Солтан Анар Дюсембекқызы.  
Малыбай ЖООБМ мектебі.  
ДТЖО және математика пәні мұғалімі**





№№3-4  
(432-433)

от 28 февраля  
2025 года

## «Ана мейірімі-дүниедегі ең асыл қазына»

Мейірімі мол ананың жүрегі жылы, қолы кең. Әлемнің барлық жылуы

мен мейірімін қамтитын бір ғана нәрсе болса, ол-ана. Ана-дүниедегі ең асыл, жанашыр және ардақты жан. Тоғыз ай құрсағында көтеріп, жүрегінің астында жатқан нәрестесінен барын да, нарын да аямайтын ананың адам өміріндегі орны ерекше.

Ана болу-өз жүрегіңді бір адамға толығымен арнау, оның қуанышына да, қайғысына да ортақтасу, оның өміріндегі әр қадамды сезініп, қолдау көрсету. Кез-келген адамның әдептілігі

мен жан-дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер де ең алдымен анадан тарайды. Әрбір таң сәбидің күлімдеген жүзін көрумен басталады, анасы оны жылы сөзбен оятады, жүрегінен шыққан махаббатпен онымен сөйлеседі.

Ананың мейірімі-бөлек қадірлеу қажет ететін қасиет. Анашымның мейірімің асыл қазынадай күтіп, құрметтеп бағалау білу қажет. Ол ешбір алтын мен гауһар таспен тең келмес. Ананың жүрегі-жібектің матасындай нәзік. Жаралы әрі сезімтал. Ол баласының

қателіктерін кешіруге дайын, оған үнемі сенім артып, ешқашан оны жалғыз қалдырмайды. Өзінен махаббат бөлігін перзентіне сыйлайтын, сезімдері таусылмас жан.

Менің анам-байсалды, дана және мен үшін шексіз мейірімділіктің қайнар көзі. Анамның көзі шексіз құштарлық пен сүйіспеншілікке мол. Анаммен бірге көп уақыт өткізгенді шың жақсы көремін. Өңгіме дүкен құрып, бір-бірімізге күн нәрін төгеміз. Анамдай секілді жан-жақты, жомарт болуға тырысамын. Анамның айтқан әр сөзі санамда сайрап, рухтандырып, алдағы болашағымды айқындауға

көмектеседі.

Ана — бұл өмірдің ең құнды және асыл қазынасы. Оның жүрегі шексіз мейірімге, сүйіспеншілікке толы, ал қолы кең, әрдайым қамқорлығымен қорғайды. Ана баласына әлемнің барлық жылуын сыйлап, оған қолдау көрсетіп, өмірге бейімдейді. «Ана жүрегінің мейірімі — әлемдегі ең жылы орын.»

**Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясының 7 «А» сынып оқушысы Ербулат Айсере.**

Махаббат, жылулық және мейірім. Бұл үшеуі әр адамға жастайынан көрсету қажет «алғашқы жәрдем» қасиеттері емес пе? Туған сәтімізден бастап әрбіріміздің өз «жедел жәрдеміміз» бар. Оның дәрілері, ерекше, олар-еркелетер тәтті сөз, жылы-жылы құшақтаулар мен қолдаулары. Иә, бұл адам-асыл да дана, ардақты да шуақты анамыз.

«Ананың көңілі балада, баланың көңілі да-

лада» деп бекер айтпайды ғой халқымыз. Кішкентай балапан болғанда, еркелетіп, әлдилетіп ұшырған-ана жас қыран болғанымызда қолтықтап, қолдап, тәрбиелеген-ана. Ананың жүрегіңдегі жылулық — әлемдегі ең таза әрі шынайы сезім. Оның махаббаты мен қамқорлығы әр баланың жүрегіңде үнемі сезіліп тұрады.

Өмірімізде ананың алатын орны шынымен орасан зор. Үнемі баласына тірек, арқау болатын адам-құрметке лайық адам. Әлемдегі сан-алуан адамдардың

арасынан, ең қымбаты, ана емес пе? Ол өміріміздің ең басты я ең маңызды кездерін бізбен бірге өтеді. Анамызға үнемі сәби болып қаламыз ғой. Расында да, мықты адам-ана атағына лайық болған адам.

Менің анам — өмірімдегі ең асыл адам. Ол маған мейірімділік пен адалдықты үйретіп, әрқашан қолдау көрсетеді. Анамның жанында өзімді қауіпсіз әрі бақытты сезінемін. Оның бастылдығы, жауапкершілігі, софн мен қатар нәзіктілігі мен әсемдігі мені әрдайым жігерлендіреді. Мен

анамды қатты жақсы көремін және оның үмітін ақтағым келеді. Ол мен үшін ең асыл жан.

Ана алақаны-ең жылы бесік дегендей, біз үшін барына дайын аналарымызды әрдайым сыйлап, қадірлеуіміз керек. Түрлі-түрлі адамдар арасында ең жақыны, ең серіктесі ана. Сірә себептен, осындай қымбат қазынамызды қадірлейік.

**«Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы» ММ-нің 7 «А» сынып оқушысы Кенжахан Жансұлу**

## Анашым-өмірімнің шамшырағы

Ана. Қаншалыққа ғажайып әрі керемет сөз екендігі ойымызға келіп пе? Осы бір үш-ақ әріптің өзі де сиқырлы дүниенің тұңғыық ойларың білдіретіні білінбес. Алайда, анамыздың бұл тіршіліктегі алуантүрлі рөліне көңіл бөліп көрдік пе? Сонда біз анамызды көптеген дүниемен байланыстырсақ та, менің елесім анамның шамшырақ белгісінде.

Ал шамшырақ дегеніміз не? Ол қараңғы жолдағы бағыт беруші, жарқылдаған ұшқын. Расымен де, кез-келген адамның асыл қасиеттері, өмірдегі адал қызметі мен жан дүниесіндегі жайлы да жағымды ойлар ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады, оның дегені өмір нәрінің бастауы, бағдары-мейірімді әрі еңбекқор жан ана.

Өмірде түрлі сынақтар кездесетіні айқын көрініс болып саналады. Қайғы мен қуаныш, жеңіс пен жеңіліс — бәрі де адамның басынан өтеді. Бірақ сол сәттерде анамыздың

ақылы, жылы сөзі, ескертулері мен бұйрығы-бізге қолдау көрсетеді. Оның жүрегінен шыққан әрбір сөз — өміріміздегі бағыт беретін шамшырақтай маңызды да асыл бөлікпен теңесетіні рас.

Сондықтан да, анамызды қадірлеу, сыйлау, насихаттау—біздің ең басты парызымыз. Оның бізге сыйлаған шексіз махаббаты мен қамқорлығы ешқандай пайдалы қазбамен өлшенбес.

Қорытындылай келсек, ана-әр құпиянды білуші, тәрбиеші, ұстаз, емші әрі ақын. Бұның барлығы анамыздың бойына бірден сиқырлы жолмен дарымаған, еңбекқорлықтың белгісі. Сол үшін анамыздың әр ісің, шешімің, сөзің, ойың, ең алдымен тағдырың қадірлесек, біз де болашақта еліміздің жақсы маманы боламыз. «Ата-ана қадірін балалы болғанда білесің» дегенді халық бекер айтпапты.

**Павлодар қаласының «Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы» 7 «А» сынып оқушысы-Байғұл Сымбат**

## Менің анам — менің батырым

Әр адамның өмірінде ерекше орны бар, жүрегінің түбінен орын алатын жан бар. Мен үшін ол — менің анам. Ол тек өмір сыйлаған адам емес, ол менің ұстазым, ақылшым, қорғаушым және нағыз батырым.

Анамның батырлығы оның мен үшін жасаған жанкешті еңбектерінде көрінеді. Ол мені кішкентайымнан мейірімді, қайсар, адал болуға үйретті. Кез келген қиындыққа мойымау, мақсатқа жету үшін табандылық таныту — анамның өмірлік ұстанымдарының бірі. Ол қанша шаршаса да, ешқашан шағымданбайды, керісінше, әрқашан күлімдеп, маған мотивация береді.

Нағыз батырлар тек соғыс майданында ғана емес, күнделікті өмірде де бар. Олар отбасы үшін тынбай еңбек етіп, балаларының болашағы үшін барын салатын аналар. Анам да сондай жан. Оның әрбір іс-әрекеті — мен үшін үлкен үлгі. Оның қамқорлығы мен сүйіспеншілігі маған сенімділік пен күш береді.

Анамның мейірімі шексіз, жүрегі

кең. Ол әрдайым өзгелерге көмектесуге, жанашырлық танытуға дайын. Оның даналығы мен шыдамдылығы мені таң қалдырады. Мен үшін ол жай ғана ана емес, нағыз қаһарман, өмірімнің шамшырағы.

Мен анамның үмітін ақтағым келеді. Ол маған сенеді, мен де өзімді дамытуға, жақсылық жасауға, өмірден өз орнымды табуға тырысамын. Өйткені менің батыр анам маған ең басты нәрсені үйретті — ешқашан берілмеуді және шын жүректен сүйуді.

Анам — менің өмірімдегі ең қымбат жан. Оның жанында болған әр сәт мен үшін бақыт. Мен оны мақтан тұтамын, жақсы көремін және оның батырлығына әрдайым бас иемін.

**«Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы» ММ 10 «И» сынып оқушысы Асоян Сирарпи**

## «Батыр да, ақын да — анадан туған»

«Ана» — осы бір қасиетті сөздің астарында бүкіл адамзаттың бастау бұлағы, мейірім мен жан шуағы, парасаттың шексіз мұхиты жатыр. Ол сәбиін құшағында өсіріп қана қоймай, жүрегінің жылуымен, ақыл-кеңесімен, тағылымды тәрбиесімен ұлы жолға жетелейді. Ананың әрбір сөзі — өсиет, әрбір әрекеті — үлгі, әрбір дұғасы — ұрпағына қорған. Сол аманатты арқалаған перзент елінің тірегі, жерінің қорғаны.

Ұлы дала төсінде желдей есіп өткен жыраулардың да, отты көзді, қайсар мінезді, қайратты да өршіл батырлардың да түп тамыры — ананың ақ сүтінде. Қазақтың қас батырлары елін, жерін қорғап, жауға қарсы шапқанда, анасының жүрегінен құйылған қайсарлық

пен тәлімді тәрбие олардың күш-қуатына айналған. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген ұлағатты сөз қалдырған хакім Абайдың өзі де әжесі Зере мен анасы Ұлжанның өнегелі тәрбиесінде өсіп, даналықтың шыңына жетті.

Қазақтың ер жүрек батырлары да ананың мейірімі мен тәлімінен қуат алған. Қаракерей Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сынды баһадүрлердің ерлік жолы ана әлдиімен басталып, ел мен жерді қорғауға шақырған тәрбиемен қалыптасты. Бұқар жырау Абылай ханға айтқан бір толғауында:

«Жақсыдан жаман туады,  
Бір аяқ асқа алғысыз.  
Жаманнан жақсы туады,  
Адам айтса нанғысыз», — деп, ананың тәрбиесі ұрпақ тағдырына тікелей әсер ететінін меңзеген.

Демек, «Батыр да, ақын да — анадан туған» деген сөз — жай ғана



нақыл емес, өмірдің заңдылығы. Ел қорғар ерлерді де, даналықтың шыңына жеткен сөз шеберлерін де өмірге әкеліп, тәрбиелейтін, үлкен жолға жетелейтін — Ана. Сондықтан, «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, ақ сүтін өтей алмайсың» деген халық

даналығын ұмытпай, анамызды ардақтау — біздің ең үлкен парызымыз.

**«Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы» 8 «Ә» сынып оқушысы Қайркен Зере**





## Анашым – өмірімнің шамшырағы

Менің анам – ең асыл қазынам. Ол 13 жыл бойы мені асырап, тәрбиелеп, қамқорлығын аямай өсірді. Менің анамның жүрегі мейірімге, сүйіспеншілікке толы. Ол мені ешқашан қиын сәттерде тастамай, керсінше дұрыс жолды таңдап, өзіне сенімді болуды үйретеді. Анам маған әрдайым мейіріммен қарап, ақылын айтады. Менің анам мен үшін ең жақын, ең ардақты жан. Би үйірмесінен алған әрбір жетістігіме шын жүректен қуанып, әрқашан тек алға ұмтылуыма көмектесіп отырады.

Анамның аялы алақаны, жылы сөздері, шексіз махаббаты мен үшін үлкен қуаныш. Оның күлімдеген жүзін көру – бақыт. Оның маған деген махаббаты

шексіз, сол себептен мен де оны жанымнан артық жақсы көремін.

Анам біздің үйдің жүрегі, жылуы мен берекесі. Анам болмаса, үй бос, суық әрі мәңсіз болып қалған көрінеді. Менің анамның ерекше махаббаты әрбір бұрышқа жылулық сыйлап тұрғандай. Ол күлімдеп қарсы алмаса, дастархан басында жылы сөздер естілмесе, үйдің шырағы сөнгендей болады.

Мен анамды қатты жақсы көремін және оның үмітін барынша ақтауға тырысамын. Менің анам – менің тірегім, өмірімнің шамшырағы.

**Қаиргелді Мерей  
Әлихан Бөкейхан атындағы  
лицей-мектебінің  
7-сынып оқушысы**

## Қазақстандағы әйелдер жетістіктері: «Бүгінгі аналар – ел тірегі»

Әлеуметтік ортада әйел адамдардың рөлі өте зор. Ана тек отбасының ғана емес, тұтас елдің дамуына үлес қосушы. Ол мемлекеттік саясатта, экономикада, білім мен мәдениет, денсаулық салаларында да жетістіктерді бағындыруда.

Бүгінде еліміздің көптеген әйелдері өз кәсібін ашып, елімізді өркендету жолында еңбек етуде. Қазақстанды әлемдік деңгейде танытып жатқандар: Б.Төлегенова, Р.Рымбаева, М.Жүнісова, О.Рыпақова, З.Байбатина, Б.Қожамқұлова және тағы басқалар. Олардың әрқайсысы өз саласында еліміздің атын шығарып, үлкен жетістіктерге қол жеткізген.

Қазақстанда әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында мемлекет көптеген шаралар қабылдады. Әйелдерге арналған әлеуметтік бағдарламалар, жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлікке қолдау көрсету сияқты бастамалар бұл бағытта маңызды қадамдар болып табылады. Бүгінде елімізде әйелдердің саяси өмірге араласуы да артты. Олар парламентте, мемлекеттік органдарда қызмет атқарып, өздерінің пікірлерін білдіру арқылы қоғамды дамытуға

қатысуда.

Қазақстандағы әйелдердің жетістіктері – елдің дамуына қосылған үлкен үлес. Олар тек өз отбасын ғана емес, елімізді одан әрі дамытып, болашақ ұрпақты тәрбиелейтін азаматтар болып қалыптасуда. Бүгінгі аналар – елдің тірегі, олардың еңбегі еліміздің алға басуына әсер етеді.

Аналардың рөлі тек экономикалық және саяси саламен шектелмейді. Әр ана өз перзентінің адамгершілігі мол тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Сондай-ақ баласының өмір жолында дұрыс жолын таңдауға ықпал етіп, ешқашан сол жолдан таймауын үйретеді. Олар отбасында балалардың тәрбиешісі әрі қамқоршысы болып, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді, Отанға деген сүйіспеншілікке баулиды.

Қазақстан әйелдері мен аналарының жетістіктері еліміздің болашағын жарқын етіп, оның өркендеуіне ықпалын тигізері сөзсіз.

**Жұмабек Ерәли  
Әлихан Бөкейхан атындағы  
лицей-мектебінің  
8-сынып оқушысы**

## Көктем мерекесі

Көктемде мерекелер көп. Оның ең алғашқысы – 8 наурыз. Бұл – әжелер, аналар, арулар, кішкене жауқазын бүлдіршін қыздардың мерекесі. Табиғаттың жаңаруы мен 8 наурыз мерекесінің қатар келуі жүрегімізді жылы сезімге толтырады. Әжелер мен аналар жарқыраған шуақ көктем күнінің жер бетіне нұрын шашқанындай

өз мейірімімен жанды жылытады, ал арулар нәзік гүлдей әсемдіктерімен жанды жадыратады.

Мерекелеріңіз құтты болсын, асыл жандар!

**Еркінғали Ақмади  
Әлихан Бөкейхан атындағы  
лицей-мектебінің  
3-сынып оқушысы**

## Мейірімді анашым

Аялап мені өсірген,  
Асылым менің анашым.  
Данышпаным, дарасың,  
Мейірімді анасың!  
Жүзіңізде жылулық  
Болашаққа жол салып,  
Апарады алысқа –  
Сіздей ана жоқ басқа!

**Бүркіт Аяулым  
Әлихан Бөкейхан  
атындағы лицей-мектебі  
3-сынып оқушысы**

## Естен кетпес кездесу

Жақында біз белгілі жазушы, ақын және қоғам қайраткері Сайлау Байбосынмен және облысымыздағы белгілі қаламгерлермен кездестік. Өңгімеміз жазушының шығармашылығы, әсіресе «Ажалын жоғалтқан адам» атты кітабы төңірегінде өрбіді. Бұл туындыда адам өмірі, оның мәні мен құндылықтары туралы терең философиялық ойлар бар. Кездесуде біз кітаптың негізгі идеяларына тоқталдық.

Осы кітапта динамикаға құрылған экшн-де оқиғалар ғана емес, шығарма арқылы біз отбасы құндылықтарын, сенім мен сүйіспеншілікті, адал махаббатты

## Ана – дүниедегі ең асыл қазына

«Өміріңдегі ең қымбат жан кім?» десе, ойланбастан «Менің анам» дер едім. Анам мені бағып-қағып, бәріне үйретті, ауырғанда көмек беріп, жылағанда жұбатты. Ол әрқашан маған мейіріммен



қарап, әр жасаған қадамды қолдап, маған үнемі қамқор бола білді.

Мен мектептен шаршап келгенде, анам мені құшақ жая қарсы

алады. Таңертең ерте тұрсам, анам ыстық тамағын дайындап, мектепке киетін киімімді де іліп қояды.

Сонымен қатар анам менің ең жақын досым әрі сенімді тірегім. Қиын сәттерде ақыл-кеңес беріп, өмірдің әрбір кезеңінде дұрыс жолды таңдауға бағыттайды. Оның махаббаты мен мейірімі мені әрқашан алға жетелеп, жақсы оқуыма әсер етеді.

Мен өскенде анама әдемі көйлек әперіп, сүйікті мейрамханасына апарамын. Дәмді тағамдар жеп, көңілді әңгімелер айтамыз. Мен оған хош иісті раушан гүлін сыйлаймын... Бұл менің бүгінгі бала арманым, бірақ осыған жетіп, анамды қуанту үшін мен жақсы оқып, білімді болуға барымды салудамын.

**Кеңес Мерей  
Әлихан Бөкейхан атындағы  
лицей-мектебінің  
6-сынып оқушысы**

## Ана

Ақ жүзіңнен нұр тамар, асыл анам,  
Мейіріміңмен жарық қып жасыраман.  
Түн ұйқыңды төрт бөліп әлдиледің,  
Сен болмасаң, бұл өмір басылмаған.

Туған сәтте тербеттің әлсіз денем,  
Өр деміңде сезілді шексіз керем.  
Жанарыңда мың мұңның ізі жатыр,  
Айта алмаған арманың – үнсіз өлең.

Сенсіз мынау әлемнің сәні кемдік,  
Жүрегімде жалғыз-ақ сендік өлдік.  
Қара сөзің – қасиет, тұнып тұрған,

Өзің барда өмір де мәнін тердік.

Саған деген алғысым – шексіз әнім,  
Тілек болып шертеді жүрек дөрім.  
8 наурыз – гүл емес, сенің күнің,  
Сенсіз күн де жарығын жияр мәңгі.

Ұзақ болсын ғұмырың, асыл анам,  
Бақытыңның таусылмас тасын аман.  
Өзің барда әлемім жарық болар,  
Сен – жүректің мәңгілік жасы, адам.

**Жылқайдарова Сана  
Әлихан Бөкейхан атындағы  
лицей-мектебінің  
11-сынып оқушысы**

## Мама

Мама, родная, мой яркий свет,  
Ты даришь нам всё — и счастье,  
и совет  
Всё, что имеешь, всё, что хотим,  
Ты отдаёшь, не жалея ни сил.

Ты улыбаешься, даже когда  
В сердце усталость, тревога,  
беда.  
Ты обнимаешь и боль унесёт,  
Слово твоё — как спасательный  
плот.

Я не всегда была послушной,  
родная,  
Знаю, что сердце твоё устаёт.

Но ты мне поверь: всей душой  
понимаю,  
Как бесконечно мне в жизни  
везёт.

Прости за ошибки, за грустные  
дни,  
За глупые ссоры, обиды  
путье.

Я всё исправлю, я стану такой,  
Чтобы сказать ты могла: «Я  
счастливая, только с тобой!»

**Халимова Саёра  
Әлихан Бөкейхан атындағы  
лицей-мектебінің  
11-сынып оқушысы**





№№3-4  
(432-433)

от 28 февраля  
2025 года

## Ана – мәңгілік көктем

Ана – өміріміздегі ең қымбат жан. Ол бізді аялап, жақсы көреді, қамқор болады. Анамыздың мейірімі – шуақты көктем сияқты. Көктемде күн жылынып, гүлдер гүлдейді, дәл сол сияқты анамыздың махаббаты бізге жылу мен қуаныш сыйлайды.

Ана әрқашан бізге жақсы сөз айтып, қолдау көрсетеді. Бізді қуантқысы келеді, дәмді тамақ дайындайды, ертегі айтып береді. Сондықтан біз ананы сый-

лап, жақсы көруіміз керек. Оған көмектесіп, қуаныш сыйлау – әр баланың міндеті.

Ана – өмірдің бастауы, үйдің берекесі. Ол – мәңгілік көктем!

«Павлодар қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі»КММ

**1 «А» сынып оқушылары.  
Сынып жетекшісі:  
Намазбаева Р.Ж**

## Ана болу үлкен жауапкершілік

Ана - мәңгілік көктемнің символы, өйткені ол өмірге жылулық пен махаббат сыйлайды. Ана жүрегі әрдайым мейірім мен қамқорлыққа толы. Ол бала үшін ең сенімді қорған, ең жақын дос.

Көктем табиғатқа жаңа тыныс берсе, ана баласына үміт пен болашақ сыйлайды. Анасыз өмір қараңғы, суық күз сияқты, ал ана бар жерде жарық пен қуаныш бар.

Оның шексіз махаббаты ешқашан сарқылмайды, мәңгі көктемдей жүректі жылытумен болады. Сондықтан ана өмірдің гүлденуі мен жаңаруының бастауы.

**Бақтыбай Шерхан  
1 «Ә» сыныбы  
«М.Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі»КММ**

## «Ұстаз да, дәрігер де, ғалым да – аналарымыз»

Ұстаз – ұлы тұлға. Ол тек білім беріп қана қоймай, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, ізгілікке тәрбиелейді. Мен үшін ұстаз деген сөз өте қымбат, себебі, менің анам – ұстаз.

Анам, Рахимжанова Арай Бейсенбаевна, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде Педагогика және психология білім беру бағдарламасының ұстазы. Педагогика жоғары мектебінің тәрбие және әлеуметтік сұрақтар бойынша вице – деканы.

Ана бұл әлемдегі ең қадірлі, ең аяулы жан. Ол өмірдің мәні, отбасының жүрегі, баланың тірегі. Ана махаббаты шексіз, оның мейірімі мен қамқорлығы адамды өмір бойы жетелейді.

Анам – өз ісіне шын берілген, білімді әрі тәжірибелі мұғалім. Ол студенттерінің әрқайсысын өз баласындай көріп, олардың

болашағына алаңдайды. Оның сабағына қатысқан әрбір студент жаңа білім алып қана қоймай, өмірге деген құштарлығын арттырады.

Ұстаз болу – үлкен жауапкершілік. Анам әр сабағына тыңғылықты дайындайды, балалардың білімін жетілдіру үшін үнемі ізденіп, жаңа әдістерді қолданып отырады. Ол шәкірттерін білім шыңына жетелеумен қатар, оларға адами қасиеттерді бойларына сіңіруге барын салады.

Мен анамды мақтан тұтамын. Оның әрбір шәкірті жетістікке жетіп, өз армандарын орындаса, бұл – оның еңбегінің жемісі. Ұстаз еңбегі мәңгілік. Сондықтан мен анамды жай ғана мұғалім емес, жүректен жүрекке нұр таратушы нағыз ұстаз деп білемін.

**Есжан Айару 3 «Б» сынып оқушысы**

## «Ұстаз да, дәрігер де, ғалым да – аналарымыз!»

Адам баласының өміріндегі ең алғашқы, ең маңызды тұлға – ана. Ана баланың өміріне тек қана нәрестелік кезеңде ғана емес, оның барлық өмірінде әсер ететін маңызды рөл атқарады. Ана – бұл отбасындағы ұйытқы, өмірге құштарлықты сыйлайтын тұлға.

Ана болу үлкен жауапкершілік пен еңбекті талап ететін жағдай. Ұстаз, дәрігер, ғалым сынды мамандықтардың бәрі ананың өмірінде кездесіп, оның бойында ерекше қасиеттерді қалыптастырады. Мұндай жағдайларда ана тек бір ғана рөлмен шектелмей, көптеген жауапкершілікті қатар атқарады.

Ұстаздық қасиет ананың бойында ерекше орын алады. Өйткені бала тәрбиелеу – бұл ең алдымен оның білім алуына жол ашатын ұстаздың жұмысы. Ананың өмір бойы өз баласына беретін тәрбие, оған өмірлік білім мен дағдыларды үйрету үдерісі – бұл да бір ұстаздық еңбек. Баланың алғашқы сөздері, алғашқы қадамдары, өмірге көзқарасының қалыптасуы анадан басталады. Сондықтан ана – баласына ең алғашқы ұстаз болып табылады.

Дәрігерлік қасиет те ананың бойында тереңдейді. Бала дүниеге келгенде ана оған өз денсаулығымен ғана емес, жан-

тәнімен қамқор болады. Әрбір баланың ауруы, қиындықтары кезінде, анасы дәрігердей болады. Оның мейірімі мен сүйіспеншілігі баланың денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған үлкен күшке айналады.

Ғалымдық рөлін де ана ұмытпайды. Ана, өз кезегінде, балаға әлемді түсіндіру, жаңа білім беру арқылы ғалым ретінде жұмыс істейді. Оған қызығушылықты арттыру, ой-санасын дамыту, баланың білімге деген құштарлығын ояту да ғалымдық рөлдің бір бөлігі болып табылады.

Қорыта келгенде, ананың рөлі тек қана отбасы мүшелері үшін емес, қоғам үшін де зор. Ұстаз, дәрігер, ғалым болу үшін қажетті барлық қасиеттер ананың бойында бар. Әр ана өз баласы үшін ұлы ұстаз, мейірімді дәрігер және ғалым бола алады, өйткені олар балаларына өмірдің негіздерін үйретіп, олардың болашаққа қадам басуына мүмкіндік жасайды. Баласын қорғау үшін аналар кез келген қиындыққа дайын тұрады, әрқашан оның жанында болып, қолдау көрсетеді.

**Мирманова Малика  
4 «Б» сынып оқушысы**

## Жанұяның шамшырағы: ананың тәрбиелік рөлі

Әрбір адам өз өмірінде маңызды бір адамды ерекше жақсы көреді, ол – ана. Ана – біздің өмірімізде ең қымбат, ең жақын адам. Ол бізді дүниеге әкеліп, өсіріп, тәрбиелеп, өмір жолында дұрыс бағыт-бағдар береді. Ана әрбір адамның жанұясындағы шамшырақ сияқты. Шамшырақ қараңғыда жол көрсетеді, ал ана бізге өмірде дұрыс жолды таңдауға көмектеседі.

Ана – біз үшін бірінші ұстаз, бірінші дос. Ол бізге алғашқы сөздерді үйретеді, алғашқы қадамды аттаттырады. Ана бізге жақсы мен жаманды ажыратып, өмірде адал болуды үйретеді. Ол әрқашан бізді өз қолында ұстап, бізге дұрыс тәрбие беру үшін барын салады. Ана тек қана тамақ жасап, киім қадағаламайды, ол біздің жүрегімізді түсініп, жан дүниемізге жақындайды.

Ана біздің көңілімізді түсінуге тырысады, қай кезде қуанып, қай кезде қайғыратынымызды біледі. Ол өзінің жылы сөздерімен бізді жұбатады, қиын кезде қолымыздан ұстап, өзіне сенімді етуге тырысады. Ана бізге әрқашан мейірім мен қамқорлық көрсетеді. Сондықтан да, біздің ең бірінші үлгі тұтатын адамымыз – анамыз.

**4 «Б» сынып оқушысы  
Қайыргелді Әділжан**

## «Қазақстандағы әйелдер жетістіктері және бүгінгі аналар – ел тірегі»

Қазақстан әйелдері әрқашан ел дамуының маңызды бөлігі болып саналды. Қазіргі таңда олар ғылым, білім, бизнес, спорт және мемлекеттік басқару салаларында үлкен жетістіктерге жетіп, өздерінің қабілетін дәлелдеуде. Сонымен қатар, аналар ұрпақ тәрбиесінде ерекше рөл атқарып, мемлекеттің болашағына ықпал етуде.

Қазақ әйелдерінің жетістіктері: Қазақстанда әйелдер түрлі салада жоғары жетістіктерге жетіп, елдің дамуына үлес қосуда.

Мысалы, Айжан Құрманбекова – медицина саласында жаңалықтар ашқан ғалым, ал Салтанат Нұрғазиева – халықаралық спорт додаларында Қазақстанның намысын қорғап жүрген чемпион. Сонымен қатар, Жанар Мұратқызы – табысты кәсіпкер, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға үлес қосып жүрген іскер тұлға.

Бүгінгі ана – елдің тірегі. Қазіргі заманда аналар отбасы мен жұмысты қатар алып жүріп, қоғам өміріне белсенді араласуда. Ұлттық құндылықтарды

сақтау, балаларға тәлім-тәрбие беру және олардың бойына отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру – ананың басты міндеті. Мысалы:

Атамбек Талжібек Жумаділқызы – Мәдениет саласында, оның ішінде Театр өнеріне үлесін қосып жүрген ҚР, Мәдениет қайраткері, Ертіс—Баян республикалық театр жұлдесінің иегері.

Бахаргүл Құрбанова—ҚР, Мәдениет қайраткері Республикасыншылар жұлдесінің иегері, театр әртісі.

Қазақстандағы әйелдердің жетістіктері – олардың талпынысы мен қажырлы еңбегінің нәтижесі. Ал аналар – мемлекеттің мызғымас тірегі.

«Ана – елдің шамшырағы, әйел – ұлттың тірегі» деген ұғым қашанда өз мәнін сақтайды.

**М.Жүсіп ат. жалпы орта білім беру мектебінің  
2 «А» сынып оқушысы  
Хасенова Ясмينا Дулатовна  
Сынып жетекшісі:  
Бегалина  
Мейргүль Мухтаровна**

## «Ана мейірімі – дүниедегі ең асыл қазына»

Сәлем менің сүйікті анашым. Сіздің жылы мейіріміңе толы жүзіңіз, аялы алақаныңыз, қоңыр әдемі даусыңыз, ұзын қара бұрымыңыз мен үшін әлемнің жарығы. Сіздің: қызым, оқуыңды жақсы оқы, ертең жоғарғы оқуға түсесің, мықты білімді азамат боласың, - деген сөзіңіз маған қуат береді. Өзім үшін әрі сізді ренжітпеу үшін сабақтарыма мұқият қарап, жақсы бағалар алуға тырысып жүрмін. Анашым сіз кей істерімді қолдап, кей істерімді жасауға болмайтынын айтып, түсіндіріп отыратын жансыз.

Анашымда менің жақсы адам болғанымды қалайтынын білемін.

Сол үшін сабағымды жақсы оқып, тентектігімді жеңіп, тәртіпті болуға тырысып жүрмін. Қазірде сабағымды жақсы оқимын. Әкем екеуіңіздің үміттеріңізді ақтап, болашақта жақсы маман иесі боламын деп сөз беремін. Әрқашан сіздерге тек биік-биік шыңға шыққанымды көрсететін боламын.

Ақылшы қамқор анама, асқар таудай әкеме, маған осы бақытты өмірді сыйлағаны үшін алғысым шексіз.

Өмірлеріңіз ұзақ болсын анашым барда мен өте бақыттымын!!!

**Сүндік Айзере  
М.Жүсіп атындағы ЖОББМ оқушысы**



## Менің анам - менің батырым

Анам — менің өмірімдегі ең жақын адам, ол- мен үшін нағыз батыр. Оның бар қасиеттері мені таң қалдырады және мен оған әрдайым ризамын. Ана болу — бұл тек бізді өмірде тәрбиелеу ғана емес, бұл үлкен күш, қажырлы еңбек пен шексіз сүйіспеншілік. Анам өз өмірін біз үшін арнады, біз үшін күресті, әрқашан біздің бақытымыз әлі де үшін күресіп келеді. Анамның батырлығы тек сыртқы күште ғана емес, оның рухында да жатыр. Ол қиындықтарға қарсы тұрып, ешқашан шағымданбайды, өзінің мақсаттарына жету үшін бар күшін жұмсайды. Өзінің маған және бауырларыма деген махаббатынан басқа, ол жан дүниесімен бізді қолдап, көмектесіп отырады. Оның сабырлығы мен даналығы, күнделікті жұмыстары мен өмірлік тәлімдері бізге көп нәрсе үйретті. Анам мені әрдайым емін-еркін

жүруге, өз жолымды табуға, қиындықтарға қарсы тұруға және адамдарға деген құрмет пен мейірімділікті жоғалтпауға үйретті. Ол әрдайым өз ісін сүйетін және еңбекқор абзал жан. Оның барлық әрекеттері менің жүрегімде қатты із қалдырды және мен оның жолын қуып, өмірімде де осындай батыл болуға тырысамын. Анамның батырлығы оның әрқашан мені қолдайтындығында, маған сенетіндігінде деп санаймын. Ол менің қателіктерімді түсініп, олардан үйренуіме көмектеседі. Ол әрқашан мені жақсы жаққа өзгертуге, өз арманым мен мақсаттарым үшін күресуге шабыттандырады. Әрине, анамның батырлығы мен үшін мәңгілік үлгі болмақ...

**Әлімбет Айсана 7-сынып оқушысы**

## Ана бақыты – бала бақыты

Ана... Бұл сөздің өзінде қаншама жылулық, мейірім мен махаббат бар. Ана – баласы үшін өмірінің мәні, ең жақын жан, ең сенімді тірек. Ол үшін бала әрқашан кішкентай, әрқашан қамқорлықты қажет ететін ең асыл байлық. Бірақ, кейде біз осы шексіз махаббат пен құрбандықты бағалай алмай жатамыз...

Ана баласын тоғыз ай құрсағында көтеріп, өмірге әкеледі. Алғашқы қадамынан бастап, түн ұйқысын төрт бөліп, қиналса жаны бірге ауырып, қуанса көзінен жас шыққанша қуанады. Ана баласы үшін бәріне дайын. Бірақ біз есейген сайын бұл қамқорлықты үйреншікті нәрсе деп қабылдай бастаймыз. Анаға алғыс айтудың орнына кейде даусымызды көтеріп, ренжітіп, көңілің қалдырамыз. Біз үшін ол әрдайым қасымызда болады деп ойлаймыз... Бірақ олай емес.

Қартайған шақта ана жүрегі баласының бір ауыз жылы сөзіне,

кішкентай ғана назарына мұқтаж болады. Оның көздеріндегі сағыныш пен мейірім бізден бір ауыз «Анашым, мен сені жақсы көремін!» деген сөзді күтіп тұрады. Бірақ біз көбіне уақытымыз жоқ деп, жұмысбасты болып, сол сөзді айтуға да ерініп жатамыз. Ал ана үшін бұл сөз – барлығынан қымбат.

Ең өкініштісі, біз аналарымыздың қадірін олар жанымызда болмай қалған кезде ғана түсінеміз. Сол кезде ғана оның күлімдеген жүзін, жылы алақанын, жұмсақ даусын еске алып, бәрін қайтарғымыз келеді... Бірақ ол кезде кеш болады.

Ана бақыты – бала бақыты. Егер сен анаңның жүзінен шынайы қуанышты көргің келсе, оған бүгін уақыт бөл, мейірімді аяма. Себебі ана махаббаты – бұл өмірдегі ең қасиетті, ең таза, ең шексіз махаббат. Оны бағала!

**Бүркітбай Айша**

## Қоғамдағы әйел бейнесі: өткеннен бүгінге дейін

Әйел – қоғамның ажырамас бөлігі. Ол әр дәуірде әртүрлі рөл атқарып, заман ағымына сай өзгеріп отырды. Әйел бейнесі ғасырлар бойы тарихи, мәдени, әлеуметтік факторлардың ықпалымен қалыптасты. Бұл мақалада әйелдердің қоғамдағы орнын, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің қалай өзгергенін қарастырамыз.

Өткен дәуірдегі әйел бейнесі Тарихқа көз жүгіртсек, әйелдердің қоғамдағы рөлі көбінесе ер адамдармен салыстырғанда шектеулі болғанын көреміз. Көне заманда әйел отбасының ұйытқысы, ұрпақ жалғастырушысы ретінде ғана қарастырылды. Мысалы, қазақ қоғамында әйел үй шаруасымен айналысып, ерлерге құрмет көрсетіп, бала тәрбиесіне баса назар аударды. Бірақ сонымен қатар, кейбір әйелдер ерек-

ше қабілеттерімен танылып, ел басқару ісіне араласқан. Томирис ханым – соның жақрын мысалы.

Орта ғасырларда әйелдердің білім алу мүмкіндігі шектеулі болды. Олар көбінесе отбасы институтының аясында өмір сүрді. Дегенмен, Шығыстың көрнекті тұлғаларының бірі – Айша бибі, Зарина ханым сияқты әйелдер өздерінің батылдығымен ерекшеленді.

Жаңа дәуірдегі әйел рөлі XX ғасырда әлемде әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бағытында үлкен өзгерістер орын алды. Бұл кезеңде әйелдер білім алып, қоғамдық өмірге белсенді араласа бастады. Қазақстанда да әйелдерге сайлау құқығы беріліп, олар өндіріс пен ғылымда, саясат пен өнерде өз орнын таба бастады.

Кеңес дәуірінде әйелдерге

тең құқықтар берілді, олар дәрігер, мұғалім, инженер, ғалым болып жұмыс істей бастады. Бұл кезең әйелдердің экономикалық және саяси белсенділігін арттыруға үлкен ықпал етті.

Қазіргі қоғамдағы әйел бейнесі Бүгінгі таңда әйелдер барлық салада белсенді жұмыс істейді. Олар мемлекеттік қызметте, бизнесе, ғылым мен технологияда, өнерде және спортта жоғары жетістіктерге жетуде. Қазақстанда гендерлік теңдік мәселесі күн тәртібінде тұр. Әйелдер парламентте, үкіметте, ірі компанияларда басшылық қызметтер атқарып жүр.

Сонымен қатар, әйелдер отбасындағы дәстүрлі рөлін де сақтап келеді. Қазіргі заман әйелдері отбасы мен карьераны қатар алып жүруге тырысады. Дегенмен, гендерлік теңсіздік мәселесі толық шешілді деуге келмейді. Әйелдердің жалақысы

ерлерге қарағанда төмен болуы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, қоғамдағы кейбір таптаурын көзқарастар әлі де кездеседі.

Әйелдердің қоғамдағы бейнесі ғасырлар бойы өзгеріп, қазіргі заманға сай жаңа сипатқа ие болды. Бүгінде олар білімді, көшбасшы, жан-жақты дамыған тұлғалар ретінде қоғамның әр саласында табысты еңбек етуде. Әйелдерге тең мүмкіндіктер жасау – қоғамның өркендеуінің кепілі. Сондықтан, болашақта әйелдер құқығын одан әрі кеңейтіп, олардың әлеуетін толық пайдалану маңызды.

Қоғамдағы әйелдің бейнесі әлі де дамып, уақыт өте жаңа сипат алатыны сөзсіз. Ең бастысы – әйелдерге қолдау көрсетіп, олардың дамуына мүмкіндік беру.

**Кәукен Еркежан**

## Ана мейірімі – дүниедегі ең асыл қазына

Жер бетіндегі ең мейірімді жан - Ана. Ананың алақаны аялы, жүрегі жылы. Сол үшін де адам баласының жасы нешеде болса да, оған әрқашан ана керек. Ал сол аналардың сүйіспеншілігі неғұрлым мол болса, балалардың өмірі де жақсылыққа толы болады. Өйткені балаға тәрбие мен жақсы қасиеттер ана сүтімен дариды. Мен өз қатарластарымнан қалмай, ойнап күліп жүргенім үшін анама шексіз алғыс айтамын.

«Ана сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды» дейді халық

даналығы. Ана біз үшін бар қиындыққа төзіп, мейірімін төгіп, әрдайым қорған болады. Ол бізді аялап, еркелетіп, өмірдің мәнін ұғынуға үйретеді. Кейде біз олардың еңбегін бағаламай, қадірін кеш түсінеміз. Бірақ анамыздың жүрегі бізге әрдайым кешіріммен қарайды. Ана тек қамқоршы ғана емес, ақылшы да. Оның берген тәрбиесі мен ақылы бізге өмірдің қиындықтарын жеңуге көмектеседі. Менің анам Калиева Бибігүл Бейсенбекқызы. Ол мен үшін ең мейірімді,

ең ақылды, ең қамқор жан. Анам химия пәнінің мұғалімі, оқушыларға білім беріп, олардың болашағына жол сілтеп келеді. Ол тек өз мамандығына адал жан емес, сонымен қатар біздің отбасымыздың тірегі. Анамның қолы ашық, айналадағы туған-туысқандарымыз да анамды сыйлап, құрмет тұтады. Анам бізге мейірімділік пен адамгершіліктің мәнін түсіндіріп, әрдайым дұрыс жолды таңдауға үйретеді, әрқашан біздің жанымыздан табылып, қолдау білдіреді. Оның жылы сөзі

мен ақыл-кеңестері өмірімдегі ең құнды нәрсе.

Қорытындылай келе, ананы құрметтеу, оның алдында бас ию – әр адамның қасиетті борышы. Біз оларға тек мерекеде ғана емес, күн сайын алғыс айтып, қамқорлық көрсетуіміз керек. Өйткені ана мейірімі – ешқашан сарқылмайтын, баға жетпес қазына!

**Өтеміс Нарғиз**

**С.Торайғыров атындағы ЖОББМ-нің оқушысы**

## Анашым – өмірімнің шамшырағы

Ана – әр баланың жүрегіндегі ең қымбат жан. Мен үшін менің анам – өмірімнің шамшырағы, шуағы, жүрегімнің жылуы. Ол мені бала күннен мәпелеп, аялап, өмірдің сан қилы соқпақтарында дұрыс жол сілтейтін ең жанашыр адам. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызын өтей алмайсың» деген сөз бар. Шынымен де, ананың балаға деген махаббаты мен қамқорлығын ештеңемен өлшеу мүмкін емес.

«Айналым «Ана» деген үш әріптен» дегендей, әр адам көктен түспейді. Оны өмірге әкелетін де, адам қатарына қосып тәрбиелейтін де анасы. Сол үшін барлық адам аналарының алдында шексіз қарыздар. Кішкентай кезімде апамның «Жұмақ-ананың

табанында, мейірім - ананың алақанында» деген сөзін естіп, көпке дейін түсінбей жүретінмін. Қазір ойласам, сол сөздің үлкен мәні бар екен. Бар жақсылық тек нәзік жандардың яғни, ананың тұлға бойында тұнып тұрады. Сол үшін біз аналарымызға басымызды иіп, олардан мейірімділікті, кішіпейілдікті үйренуіміз керек.

Менің анам – мейірімді, ақылды, сабырлы жан. Оның жылы сөзі мен мейірімге толы көзқарасы мені әрқашан алға ұмтылуға жігерлендіреді. «Анаңды сыйласаң, балаң сені сыйлайды» дегендей, мен анама шексіз құрметпен қараймын. Ол маған өмірде тек адал болуды, еңбексүйгіш болуды, үлкенді құрметтеп, кішіні аялауды үйретті.

Анам, Сейтова Айгүл, әрдайым менің тірегім, қолдаушым. Қандай қиындық кездесе де, «Сабыр түбі – сары алтын» деп, мені сабырлы болуға, қандай жағдай болмасын мойымауға үйретеді. Анамның айтқан әрбір ақылы мен үшін өмірлік сабақ. «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» дегендей, мен анамнан тек жақсы тәрбие алып, оның берген тәлімін өмір бойы жадымда сақтаймын.

Менің ең үлкен арманым – анамды қуанытып, оның сенімін ақтау. «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада» демекші, анамызды ешқашан ренжітпеуге, оның берген тәрбиесін лайықты алып жүруге, көңіліне кірбің түсірмей, құрметей білейік!



«С.Торайғыров атындағы жалпы орта білім беру мектебі» 8-сынып оқушысы Снат Мәди





## Ана – мәңгілік көктем

Ана – әр баланың жүрегіндегі ең қымбат жан. Ол бізді өмірге әкеліп, мейірімімен, қамқорлығымен өсіреді. Ана құшағы – ең жылы мекен, ал оның сөздері – ең асыл ақыл.

Көктем секілді ана да бізге қуаныш сыйлайды. Көктемде табиғат оянып, айнала гүлденеді, дәл сол сияқты ана мейірімі жанымызды жылылыққа бөлейді. Біз қуанғанда – ана да қуанады, біз мұңайсақ – ана жүрегі бірге мұңайды. Оның махаббаты ешқашан суымайды, әрқашан шуақты көктемдей мейірімге толы.

Біз кейде ананың біз үшін қаншалықты маңызды екенін байқамаймыз. Ол бізге қамқор болып, барын береді, бірақ

біз оны қалыпты нәрсе сияқты қабылдаймыз. Кейде ренжітіп, оның жүрегін ауыртатын сәттеріміз де болады. Бірақ ана жүрегі кең, ол бәрін кешіреді, өйткені оның сүйіспеншілігі шексіз.

Ана – мәңгілік көктем. Ол әрқашан біздің жанымызда, бізге сүйеніш болады. Сондықтан ананы ренжітпей, оған тек қуаныш сыйлауымыз керек. Оның күлімсірегенін көру – біз үшін ең үлкен бақыт. Ананы құрметтеп, әр сәтін бағалау – әрбір баланың ең басты парызы.

**Ағыбай Досжан**  
**Бекмұрат Уахатов орта мектебі**  
**8-сынып оқушысы**

## Ана мейірімі – дүниедегі ең асыл қазына

Ана мейірімі – бұл дүниедегі ең асыл әрі шексіз құндылық. Ол мейірімділіктің, сүйіспеншіліктің, қамқорлықтың символы. Ананың жүрек жылуы мен аялы алақаны адам баласын өмір бойы қолдап, демеп отырады. Ана – өмірдің бастауы, әрбір адамға шексіз махаббат пен қамқорлық сыйлайтын жан. Оның мейірімі мен махаббаты адам жүрегінде мәңгі сақталады.

Ана мейірімі сәби дүниеге келген сәттен басталып, оның өмірлік жолының әр кезеңінде көрініс табады. Ол баласын түн ұйқысын бөліп әлдилейді, әрбір жетістігіне қуанып, қиналған сәтінде қолдау көрсетеді. Ана махаббаты ешқашан сөнбейді, ол әрдайым жүректен жүрекке

беріліп отырады. Осы мейірім мен тәрбие арқылы адамгершілігі мол, қайырымды, елін сүйетін азаматтар өсіп шығады. Ана мейірімі тек отбасы үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды рөл атқарады.

Ананың балаға берер тәрбиесі оның болашағына әсер етеді. Мейірімділікке, адалдыққа, қамқорлыққа баулитын ана тәрбиесі арқылы ұрпақ тәрбиеленеді. Ана – отбасының ұйытқысы, ал отбасы – қоғамның тірегі. Сондықтан ана мейірімі бүкіл әлемді нұрландыратын ерекше күшке ие.

**Асқар Ержанат**  
**Бекмұрат Уахатов атындағы орта мектеп**  
**8-сынып оқушысы**



## Анашым – өмірімнің шамшырағы

Ана – әрбір адамның өміріндегі ең қымбат, ең жақын адамы. Ананың мейірімі, махаббаты, қамқорлығы – біз үшін шексіз байлық. Ол біздің өміріміздің шамшырағы, ол бізге әрқашан жол көрсетеді, қолдайды, қорғайды.

Менің анам - менің ең жақын досым. Ол менің өмірімдегі ең маңызды адам, әрі мен оған шексіз сенемін. Анам мені әрқашан қолдайды, маған ақыл-кеңес береді, әрі менің барлық қиындықтарымды жеңуге көмектеседі.

Менің анашым өте мейірімді, әрі жанашыр адам. Ол менің әрқашан жанымда болады, әрі менің қажеттіліктерімді әрдайым біледі. Күлкімді естігенде қуанады, ал менің көз жасымды көргенде қынжылады. Ол менің

әрбір жетістігіме қуанады, ал менің әрбір қателігімді кешіреді. Анам - менің ең жақын досым, әрі мен онымен барлық сырларымды бөлісе аламын, өйткені одан басқа маған жақын жан жоқ.

Анамым өте ақылды, әрі білімді адам. Ол менің көп нәрсені үйренуіме көмектеседі. Анам маған кітаптар оқып береді, әрі менің сұрақтарыма жауап береді. Мектепте жақсы оқуыма көмектеседі, әрі менің болашағым туралы армандауға шабыттандырады.

Мен анамды өте жақсы көремін. Ол менің өмірімдегі ең маңызды адам, ең жақын досым, әрі мен оған мәңгілік қарыздармын.

**Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебінің 9А сынып оқушысы**  
**Блялова Асель**

## Менің анам - менің батырым

Ана ол бізден байлығымыз биік кою керекпіз. Ана ол біз үшін бәріне де барады. Біз ананы құрметтеу керекпіз, себебі бізды өсірген ешкімнен калдырмай өсірген кісі. Ана баласын ешқашан қиындықта тастамайды. Ана ол біздің өміріміздің бір бөлігі. Ана баласы қиындық да тастап кетпейді.

Ана ол дегі ең алғашқы жақын адам болып табылады. Ана балаға махаббатпен қарайды. Біз ананы сондықтан да бәрінен де

биік кою керекпіз.

Ана өмірінің соңына дейін баласын бәріне қорғап өтеді. Ана тоғыз ай құрсағында көтерген баласын еш жамандыққа қимайды. Сондықтан да біздің аналарымыз батыр.

**Балғабает Ерсултан**  
**Бекмұрат Уахатов орта мектебі**  
**8-сынып оқушысы**

## Ана махаббаты - шексіз

Ана ол өмірдегі ең алғашқы жақын адам болып табылады. Ана өз баласын шексіз қамқор көрсетеді, және қатты жақсы көреді. Ана өз баласы үшін бәріне дайын, өз өмірін құрбан етуге өзін қиыншылыққа тігуге дайын. Аналарымыз біреуден кем болмасыншы деп бәрін алып береді, себебі ана тоғыз ай көтерген баласына қалай жаны ашымайды?. Ананың махаббаты шексіз. Ана баласына деген сүйіспеншілікпен қарайды, сен жаман болсаң да, жақсы болсаң да Ана саған деген махаббатын еш қашан өшірмейді. Ананың жүрегінің дүрсілін сезетін ол бала. Бұрында ата- бабаларымыз аналарды қатты құрметтеген.

Анаға ешкім қол көтеріп, аяқпен тебе алмайды, оны тебе алатын құрсағындағы бала. Ана махабатын сезетін бала. Ана махаббатын мықтылығы оны ешкім тоқтата алмайды. Ана баласына өз өмірін беруге дайын. Ана ешқашан баласының қиындықта, ауырлықта, жалғыздықта қалғанын қаламайды, сол үшін ол әрқашан баланың жанында болады. Ана сол махаббатпен өмірдің қиын сынақтарына дайындайды. Сол себепті ананы құрметтеу қажет.

**Ерсаин Нұрәли**  
**Бекмұрат Уахатов атындағы орта мектеп**  
**8-сынып оқушысы**

## Біздің тірегіміз - ана

Ана-бұл қасиетті де, құдіретті сөз. Өмірге шыр етіп түскеннен саған көңіл бөліп, сені қарайтын, әрдайым көмектесетін жан. Ана-біздің тірегіміз, досымыз, жанашырымыз, басты байлығымыз. Ұйқысын төрт бөлген, ақ сүтімен өсірген жанымызға жақыны бұл-ана. Өсе келе алғашқы айтатын сөзіміз- "ана". Қазірдің өзінде аузымыздан түспейтін сөз ғой. Ең керемет сөз деп те айтуға болады. Бізге тәрбиелеуші де, алғашқы ұстазымызда бола білген жалғыз жан-Ана.

Менің анашым-менің шамшырағым. Не керек болса да, сырыңды айтқын келсе де, ішіңдегіңді бөліскін келсе де біз анамызға айтамыз. Ананың қадірін ешкім біліп, сыйлай

қоймайды. Тек анаң қайтқан кезде ғана қадірің түсінесін. Алатын орны өте ерекше. Жанымызға жақын болатыны да ана. Аналар ешқашан балам жаман болсын демейді, әрқашан жолы ашық болсыншы, бақытты болсыншы деп тілейді. Мен өз анамды қатты жақсы көремін. Біз оларға қарызбыз. Анамыз үшін бәрін істеу керекпіз. Себебі оларда біз үшін бәрін істеген, мәпелеген, баққан, ер келеткен. Біздің тірегіміз-Ана.

Қорытындылай келе, аналарымыздың қадірін білейік, бар кезде бағалайық. Ана-ең ұлағатты ұғым.

**Сағдат Аўзада**  
**Бекмұрат Уахатов атындағы орта мектеп**  
**8-сынып оқушысы**

## Ана – дүниедегі ең асыл қазына

Ана – бұл өмірдің мәні, тіршіліктің тірегі деп санаймын. Ол – шексіз мейірім мен махаббаттың, даналық пен сабырлықтың иесі. Ананың жүрегі әрдайым бала үшін соғады, оның әр қуанышы – ананың бақыты болып саналады, әрбір қиындығы – ананың уайымы болып табылады. Сондықтан мен айтар едім, аналардың жүрегін ауыртпай, еш қаяу түсірмей жүрсек деп. Ол адамдардың жүрегі өте нәзік. Ана – үйдің шамшырағы, сүйіспеншілік пен қамқорлықтың белгісі. Ол бізді әлдилейді, мәпелейді, құшағына алады. Біізге өмірдің мәнін, жай-күйін ұғындырады. Бала өмірде қаншалықты биікке көтерілсе де, қанша жетістікке жетсе де, ананың алдында мәңгілік перзент болып қала беретін боламыз. Ол заңды құбылыс дер едім. Бұл өмірде Ананың мейірімі мен қамқорлығына тең келетін ештеңе жоқ. Ол бізге өмір сыйлап қана

қоймай, жақсы жолға бағыттайды, адалдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Ананың жүрегі әрқашан баласы үшін алаңдайды, оның қуанышы мен қайғысын бірге бөліседі. Ана – дүниедегі ең сарқылмас қазынамыз. Оны құрметтеу, қадірлеу – әрбір перзенттің қасиетті борышы деп санаймын. Ананың жан жылуын, махаббатын бағалап, оған қамқорлық көрсету – біздің парызымыз, ата-ана алдындағы перзенттік міндетіміз. Соны әрбір бала жан-тәнімен түсінсе екен. "Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды"-деп тегін айтпаған атам қазақ. Ана – өміріміздің ең үлкен байлығы, дүниедегі ең асыл қазына. Ана-өмірдің мәні, тіршіліктің көзі деймін. Сондықтан әрбір пенде, әрбір бала аналарын алақанында аялауы тиіс. Ешқашан анаңа ауыр сөз айтпа!

**Ж.Ағаділов атындағы ЖОББМ**  
**7- сынып оқушысы,**  
**Кусаинова Кәусар.**





№№3-4  
(432-433)

от 28 февраля  
2025 года

## 10 дней ярких событий

В Мичуринской школе завершилась декада начальных классов — десять насыщенных дней, наполненных творчеством, познанием, заботой о природе и здоровье. Каждый день был осо-

жал слово на казахском, русском и английском языках. В течение недели проходили «Прогрессив перемены» — время, когда ученики могли отдохнуть с пользой. Они слушали игру на гитаре и

Брейнринг по литературе, в конкурсе на самый красивый почерк «Волшебное перо». В день снега дети обсуждали важность бережного отношения к природным ресурсам. Участвуя в акции «Сэкономим воду — сэкономим природу», ребята собрали утром снег, а когда он растаял, полили школьные цветы, а также приготовили воду для уборки класса. Одним из самых ярких событий стала «Дармарка» — мероприятие, где ребята могли обменяться игрушками, книгами и канцелярскими принадлежностями. Это не только помогло дать вещам вторую жизнь, но и показало, как важно делиться с другими. В день здоровья учителя физкультуры провели «Спортивный квест». Учащиеся участвовали в спортивных эстафетах, обсуждали полезные привычки и учились заботиться о своем здоровье. А для родителей был объявлен дистанционный конкурс «Моя спортивная семья». Родители продемонстрировали свою спортивную сноровку. Увлекательно прошел в школе день книги. Библиотекарь школы Шарипова Г.К.

организовала для учащихся 1-2 классов «Библиотечный час», а учащиеся 3-4 классов участвовали в «Читательской эстафете». Ребята состязались в технике чтения, обсуждали прочитанные произведения и даже пробовали себя в роли поэтов, сочиняя короткие стихи. Очень интересно прошел дистанционный конкурс «Домашние опыты маленьких химиков». В выходные дни ребята вместе со своими родителями провели невероятные опыты по физике и химии. А в день экономии бумаги школьники узнали, как переработка макулатуры помогает сохранить деревья, а также приняли участие в акции «Сдай макулатуру — спаси дерево».

Декада начальных классов получилась познавательной, доброй и насыщенной. Каждый ребенок смог проявить себя, узнать что-то новое и внести вклад в общее дело.

**Лидия Качнова,**  
учитель начальных классов  
Мичуринской СОШ



бенным и запомнился ребятам интересными мероприятиями. На линейке, посвященной открытию декады начальных классов, учащиеся познакомились с программой мероприятий. Декада началась с выставки «В каждом рисунке слово», где каждый рисунок содер-

домбре в исполнении учителей и учащихся школы. Каждый вторник в школе посвящен интеллектуальным играм. Ребята развивали эрудицию, логику и сообразительность, участвуя в мероприятиях «Друзья Пифагора», «Математический баттл»,

## Ұлы даланың ерке қыздары

Согласно плану работы методического кабинета отдела образования в рамках областного проекта «Аққу» проведен отборочный тур областного конкурса «Ұлы даланың ерке қыздары».

Цель конкурса: приобщение казахской девушки к национальным традициям, приобщение к простоте, красоте, интересу к искусству, развитию сценической культуры, творческих способностей, дальнейшему развитию традиций и обычаев.

В составе жюри приняли участие методист отдела образования Асем Оспанова; члены Совета ветеранов педагогического труда Жанжу Кудайбергеновна,



Роза Дүйсембиновна, педагог Жамбылской СОШ Кудайберген Аубакирович.

Участники конкурса презентовали свой клуб «Аққу», о деятельности своей работы о его результатах. Девочки соревновались в строю, исполняя песни в строю, надевали противогаз на время.

Домашним заданием было приготовление готового блюда либо салата, фруктовой нарезки.

По итогам конкурса 1 место заняла команда Шарбактинской СШ, 2 место Ямышевской СШ; 3 место Жамбылской СШ.

**Асем Оспанова**

## Районный семинар

4 февраля 2025 года в Михайловской СОШ Железинского района прошел районный семинар на тему: «Реализация ценностей программы «Біртұтас тәрбие» через обучение, воспитание и работу с родителями». В семинаре приняли участие руководители школ, заместители руководителей по воспитательной работе, педагоги, психологи, классные руководители, а также методисты отдела образования Железинского района.

Цель семинара заключалась в обмене опытом и обсуждении вопросов реализации ценностей программы «Біртұтас тәрбие» — важного шага на пути формирования гармонично развитой личности подрастающего поколения. Программа, активно внедряемая в образовательные учреждения, направлена на воспитание и обучение детей в условиях единства и взаимопонимания в обществе, с акцентом на нравственные, духовные и культурные ценности.

В начале семинара с приветственным словом выступила и. о. руководителя Михайловской СОШ Терманова В. В., которая подчеркнула значимость данной программы для всех участников образовательного процесса.

Основной блок семинара был посвящен методам и инструментам, которые помогают эффективно внедрять принципы программы в повседневную деятельность образовательных уч-

реждений. Мастер-классы, тренинги по внедрению программы были показаны педагогами Михайловской, Мынкульской, Будёновской, Жолтаптыкской, Березовской школами. Участники обсудили различные подходы к воспитательной работе, а также рассмотрели, как важен вклад родителей в процесс воспитания. Было отмечено, что взаимодействие между школой и семьей — ключевой фактор успеха программы. Важнейшей составляющей является поддержка родителями образовательных инициатив, участие в совместных мероприятиях, а также осознание их роли в формировании личных ценностей у ребенка.

В заключительном слове методист отдела образования Ермоленко Н. А. отметила: «Сегодняшний семинар — это не просто обмен опытом, но и важный шаг к укреплению сотрудничества между школами, родителями и обществом. Программа «Біртұтас тәрбие» дает нам уникальную возможность воспитывать детей в духе уважения, честности и взаимопомощи, что в будущем принесет пользу не только отдельным личностям, но и всему обществу».

Семинар завершился подведением итогов и выражением благодарности всем участникам за активное участие и стремление внедрять новые идеи в



процесс воспитания и образования. Такие мероприятия являются важным звеном в формировании единой воспитательной среды, где каждый ребенок может получить поддержку и развитие в полном соответствии с ценностями своей культуры и общества.

**Зайцева О. В.,**  
заместитель руководителя по  
воспитательной работе  
Михайловской СОШ  
Железинского района







## Мои новые увлечения

Меня зовут Зафар, мне 7 лет. Я хочу поделиться историей своих увлечений.

На сегодня моими основными увлечениями в свободное от учебы время являются футбол, каратэ, катание на лыжах и коньках.

Моё самое первое увлечение – это футбол. Этот вид спорта всегда мне нравился и в 4,5 года Папа повел меня на первую тренировку. Игра в команде, тренировки, новые друзья – это очень увлекательно. Я жду с нетерпением каждую тренировку. Сейчас я тренируюсь в Детской футбольной школе г. Павлодара. У нас замечательная команда и тренера.

Моё второе увлечение – это каратэ. Я являюсь обладателем си-



него пояса. Занимал призовые места на соревнованиях.

Этой зимой, благодаря моему Учителю и Бабушке с Дедушкой, у меня появились новые увлечения – катание на лыжах и коньках. А как это произошло?

Однажды наш классный руководитель Болевикова Лариса Дмитриевна рассказывала о том, что любит кататься на лыжах и на выходных она со своей дочкой были на лыжной базе. Мне стало очень интересно, а впереди нас ждали зимние каникулы, и я попросил папу съездить на лыжную базу. Наступили каникулы и в первый же день мы поехали. Это было очень весело и интересно. Мой брат узнал об этом и подарил

мне свои лыжи. Теперь, пока зима еще не закончилась, мы стараемся выезжать и кататься на лыжах при любом удобном случае.

А на коньки мы впервые пошли с бабушкой и дедушкой. Мой дедушка умеет кататься на коньках, и мы решили попробовать. С того дня у нас появилась небольшая традиция – по субботам мы ходим кататься на коньках, а недавно у меня появились свои коньки и на выходных я катаюсь во дворе.

Новые увлечения дают нам новые эмоции, новые знакомства, новые навыки!

**Ахмет Зафар, 1 В класс  
СОШ 39**

## Все работы хороши, но выбрать нужно одну

Меня зовут Дария и мне 7 лет, но уже сейчас я мечтаю о своей будущей профессии. Любимых профессий у меня много. Что такое профессия? Я думаю, что это твоё самое любимое занятие – твоё



дело, которое тебе по душе.

Когда мне было 4 года, мне

очень хотелось стать парикмахером, так как я любила делать модные причёски своим куклам. Я смотрела на картинки или раскраски своих любимых сказочных персонажей, как Эльза, Леди Баг, Лол.

Я старалась сделать своих кукол похожими на них. Я их причёсывала и делала им макияж. Мне очень нравилось создавать новые образы своим куклам, подбирать им наряд. Я рисовала яркие платья и шляпки для своих моделей.

Мое желание рисовать перешло в хобби. Я стала посещать художественную школу. В художественной школе моя учительница Юлия Михайловна Никитина учила меня развивать воображение и по-другому воспринимать мир вокруг себя.

Мне очень нравилось творить, смешивать краски, превращая белый лист в яркую картинку с помощью разноцветных

красок и волшебных пушистых кисточек.

Так в 5 лет я очень мечтала быть художником и актрисой одновременно. Выступить на сцене в роли феи, кружиться, словно снежинка, петь и танцевать в роли различных сказочных персонажей – всему этому я училась у Елены Васильевны Морозовой в детском центре Алтын Кидс. И мне это очень нравилось!

Я научилась читать, писать и считать. И в 6 лет мне особенно нравилось самой быть в роли учительницы и учить детей, как моя бабушка и мама. Дома я любила играть в школу. Моими учениками были куклы, а иногда, даже ажека и аташка! Я учила их как правильно писать буквы, складывать слоги, выполнять звуковой анализ слова.

Скоро начнутся мои первые летние школьные каникулы!

Мы будем с подружками во дворе играть в различные актив-

ные игры: запускать змея, кататься на велосипеде, играть в слова. А еще будем играть в доброго и справедливого полицейского.

Профессия полицейского очень трудная, но она нужная и интересная. Мой прадедушка – Куракбаев Хабибула Жакиянович служил в милиции. Рассматривая старые фотографии, я увидела строгие, но добрые глаза прадеда, и поняла, что хочу быть похожим на него. Стать полицейским – это значит помогать людям и совершать хорошие поступки.

Мои дорогие читатели, вы стали свидетелями моих мечтаний о выборе профессии.

Мне только семь лет, я еще выбираю! Но я обязательно напишу о своем следующем любимом занятии. Ведь профессию выбирать надо по душе!

**Автор: Дария Куракбаева,  
ученица 1 «В» класса СОШ №  
39, г. Павлодар.**

## Посвящается нашим девочкам

Вот и на календаре появилось слово март. А это значит, что несколько дней отделяют нас от праздника всех девочек, девушек и женщин. Это - 8 Марта!

В нашем классе четыре девочки. Наши девочки - талантливые и одаренные. Арина - спортсменка. Ясмин - отличница. Сабина и Женя - хорошистки. Участники и призеры соревнований и конкурсов. Хорошие дочери и помощницы родителей и нашего классного руководителя Даметкен Бегалиевны.

Наш классный руководитель Удербоева Даметкен Бегалиевна - талантливая и одаренная человек. Она призер районных соревнований по волейболу в составе команды. Кроме того, Даметкен Бегалиевна хорошо поет, участвует в концертных программах. Попробуйте лепешки, самсу или салат, приготовленный руками Даметкен Бегалиевны, за уши не оттянешь. Очень ответственный человек и всегда может понять и помочь.

Без сомнений, наша Даметкен Бегалиевна - лучший руководитель, которую не хотят подводить ученики и ее «дети», то есть весь наш класс.

